

ЖУМБАҚТАР АРВАУТУКШЕТ ВІЛМЕСЕЛЕР ГАНГАІЦ ДЖУМЫ  
САД 840 ОКС ТААБАРИНУУД ТАБЫШКАКЛАР ТАБЫШМАК  
ТАГМА 91 ЕКІНШІ КІТАПША  
ЕМАКЧЫ НОМАКТАР ЮМАК ЭЛЬБЕРЛЕ ЗАГАДКИ ГАНГАІЦ СА  
ТАРМАЗАЛАР ТАГМАЗАЛАЗ ТАРТУЗСАН

ВІЛМЕСЕЛЕР ГАНГАІЦ ДЖУМБАҚ МАТАЛЛАР САДАМА ЕФКС  
ТАБЫШКАКЛАР ТАБЫШМАКТАР ТЕПИШМАКЛІР  
ТАМАЧАЛАЧ ТЫБЫЗЫҚ ТАРТУЧСАН НУВАГТАРЫ ЧЕЧЕГЕН  
БЕРЛЕ ЗАГАДКИ ГАНГАІЦ САДАМОЕВКС ТАГМАДЖАЛАР  
РТУЗСАН .  
**ХАЛЬҚТЫҢ  
ЖУМБАҒЫ**  
ЖУМБАҚТАР НЕДІЛДІКШЕТ ВІЛМЕСЕЛЕР ГАНГАІЦ ДЖУМЫ  
САДАМОЕВКС ТАГМАДЖАЛАР ТАБЫШМАК  
ТАГМАДЖАЛАР ТАРМАЧАЛАР ТАМАЧАЛАЧ ТЫБЫЗЫҚ ТАРТ  
ЕМАКЧЫ НОМАКТАР ЮМАК ЭЛЬБЕРЛЕ ЗАГАДКИ ГАНГАІЦ СА  
ТАРМАЗАЛАР ТАГМАЗАЛАЗ ТАРТУЗСАН

ВІЛМЕСЕЛЕР ГАНГАІЦ ДЖУМБАҚ МАТАЛЛАР САДАМА ЕФКС  
ТАБЫШКАКЛАР ТАБЫШМАКТАР ТЕПИШМАКЛІР  
ТАМАЧАЛАЧ ТЫБЫЗЫҚ ТАРТУЧСАН НУВАГТАРЫ ЧЕЧЕГЕН  
БЕРЛЕ ЗАГАДКИ ГАНГАІЦ САДАМОЕВКС ТАГМАДЖАЛАР  
РТУЗСАН

*Екінши кітапша* 84(0).  
Эк91.

Башқұрт, мордва, татар  
халық,  
жұмбақтары

Аударған  
*Қадыр Мырза Әли*

АЛМАТЫ  
“АНА ТЫР”

1998

27673  
Кокчетавской области

25

**ББК 84(0)**  
**Ж 91**

**Ж 91      Жұз халықтың жұмбагы (Башқұрт, мордва, татар халық жұмбақтары) Аударған К. Мырзалиев. Алматы: "Ана тілі", 1998. 2-кітапша. — 48 бет.**

**ISBN 5-630-00570-7**

Кал-кесір ауыз әдебиетінің ішінде басқа жанрлармен салыстырында аздау жиналып, аздау зерттеліп, басқа тілдерге аздау аударылған бір сала болса, ол — халық, жұмбақтары. Бүкіл дүние жүзі халықтарының эпостары мен макал-мәтеддерін түтелгеле жуық, тәржімалап үлгірген Ресейдің өзінде араб пен ағылшын, үнді мен француз, жапон мен испан тәрізді ұлы халықтардың, жеке басылып шыққан жұмбақтарын көзdestіре алмайсыз. Ал, шынында, адам санасын барынша шынықтырып, барынша ши-рататын, ой-әрісінді кеңейтіп, қияльынды бүркінгенден бетер үшқырландыра тусетін көркем де күрделі жұмбақ жанрының, жалпы мәдениетте алатын орны ете үлкен. Осыны ескере отырып "Ана тілі" баспасы "Жұз халықтың жұмбагы" атты серия ашып, соның екінші жинағын оқырман қауымға ұсынып отыр.

**Ж  $\frac{4700000000 - 008}{415(05) - 98}$  48 - 98**

**ББК 84(0)**

**ISBN 5-630-00570-7**

**© Жұз халықтың жұмбагы.  
Екінші кітапша. "Ана тілі", 1998.**

## **БАШҚҰРТ ХАЛЫҚ ЖҰМБАҚТАРЫ**

---

**Аспан асты бу.  
Шептің басы су.  
(Тұман)**

**Жоқтан бар болады,  
Бардан жоқ болады.  
(Бұлт)**

**Жалт-жұлт етер,  
Жер түбіне жетер.  
(Найзагай)**

**Ағайымның қақпаны  
Шарт-шұрт етіп ашылды.  
Ағайымның мылтыры  
Жалт-жұлт етіп басылды.  
(Күн күркіреу)**

**Тұмсықсыз торғай мұз тесер.  
(Тамишы)**

**Моншада моншақ жоғалды.  
Ай көрді де, күн алды.  
(Қырау)**

Буырқанған буыршын  
Борбайыңнан алады.  
(Сүйк)

Ақ бабай, ақ бабай,  
Ақ тоныңды қақ, бабай.  
(Қыс)

Күндіз сынған пияла  
Келер тұнде қалпына.  
(Мұз)

Тұлпар емес — тулады,  
Тоғай емес — шулайды.  
(Су)

Бұлт болмаса да  
Биікке ұмтылады.  
(Тұтін)

Сары бабай сүйді,  
Сүйген жері күйді.  
(От)

Қуыс тастың астында  
Қызыл шырайлы қыз жатыр.  
(Шок)

Тұбі бір,  
Басы түмен.  
(Ағаш)

Жазда жасарады,  
Қыста картаяды.  
(Ағаш)

От емес,  
Оттан бетер қариды.  
(Қалақай)

Күнгө қатты қызынған,  
Тамшылайды қызыл қан.  
(Шие)

Күн көргенде пісем дейді,  
Піскен бойда түсем дейді.  
(Алма)

Теңіз емес — толқиды.  
(Егін)

Аяры жоқ қолы жоқ,  
Қалпағы бар қазандай.  
(Козықүйрық)

Терісі қалың, жоқ тұғі.  
Көрініп-ак тұр тоқтыры.  
Іші аппак, бірақ май емес,  
Жұм-жұмыр, бірақ Ай емес.  
(Шалқан)

Жер астында жез сүңгі.  
(Сәбіз)

Түймедей қыз  
Түйедей қызды жылатар.  
(Пияз)

Тонайтын — мен,  
Жылататын — ол.  
(Пияз)

Қызыл қораздың басы жерде,  
Құйрығы көкте.

(Қызылша)

Бай тонына бір жамау.  
(Тиін)

Аппақ ішік киген,  
Құлағы жерге тиген.  
(Коян)

Тауға шығар таяқсыз,  
Таудан түсер аяқсыз.  
(Жылан)

Жер астында жирен ат,  
Мұз астында бурыл ат.  
(Сарышұнақ, балық)

Мәлім көпке,  
Саспас текке.  
Үйі — жерде,  
Қүйі — көкте.  
(Бозторғай)

Көзі тұздай,  
Тұмсыры мұздай.  
Қызыл етік киіп ап,  
Жүгіргені қыздай.  
(Көгершін)

Жұмыртқа да баспайды,  
Балапан да бақпайды.  
(Кекек)

Су бетінде сары көбік.  
(Қаздың балапаны)

Таныс төгайда  
Ағаш қоңырау.  
(Токылдак)

Көгала көлдің бетінен  
Екі айырық жол шығады.  
(Үйрек-қаздың қанаты)

Қап-қараңғы бөлмеде  
Шілтер тоқыр сары қыз.  
(Бал арасы)

Құлағы қалақ,  
Құйрығы шолақ.  
(Шошқа)

Айыры арқасында,  
Доғасы мойнында.  
(Қоспак)

Құлағы қайшыдай,  
Құйрығы қамшыдай.  
(Ат)

Екі меске  
Бір мешкей.  
(Емшек баласы)

Мойындағы ақ алмас  
Түсіп қалмас, жоғалмас.  
(Адаминың есімі)

Екі қара ат,  
Екі қарақат.  
(Қас, көз)

Тұзды тегеш ішінде  
Тыным таппас қара доп.  
(Көздің қарашыры)

Жарға жылан жабысқан.  
(Бұрым)

Бір ағашта екі-ақ жапырақ.  
(Құлак)

Бір есік,  
Екі тесік.  
(Ауыз, танау)

Басы бұлақта,  
Құйрығы құлақта.  
(Ұзын мұрт)

Ақ орманы атамның  
Темен қарап өседі.  
(Сақал)

Жарасы жоқ — сыздайды,  
Өртенеді, мұздайды.  
(Жүрек)

Ақ күшігім арбадан атылып түсті.  
(Түкірік)

Арымайды, талмайды,  
Арба артынан қалмайды.  
(Көлецке)

Басы — үянда,  
Құйрығы — қиянда.  
(Жол)

Күтіп жатыр,  
Күтіп жатыр,  
Келгендерді тұтіп жатыр.  
(Шұқыр, апан)

Он бір барып,  
Он қайтқан.  
(Өлім)

Кешіп өте алмадым,  
Куып жете алмадым.  
(Киял)

Кебежемді аштым,  
Қазынамды шаштым.  
(Естелік)

Терісі тырысқан,  
Еріні бүріскен.  
(Бәліш)

Құлын суға батады,  
Құлағы шырып жатады.  
(Түшпара)

Қып-қызыл ғып салдым,  
Бозартып алдым.  
(Піскен ет)

Шыж еткізіп салам,  
Быж еткізіп алам.  
(Күймак)

Ауыздан кіреді,  
Танаудан шыгады.  
(Кымыз)

**Қайнак суға қан қостым.  
(Шай)**

**Ішке кірсөң — қалады,  
Тыста сені бағады.  
(Кебіс)**

**Жұмыр түбірге  
Жұмыр қап.  
(Берік)**

**Женгем-ау, женгем,  
Желкене ешкі мінген.  
(Тұбіт шалі)**

**Солай болған бүйрық:  
Екі басы да құйрық.  
(Бекебай)**

**Бес малай, бес малай.  
Бес малайға бір бабай.  
(Биялай)**

**Бес жігітке бір құлақшын.  
(Колғап)**

**Отырсан — стол астында,  
Жатсан — кереует астында.  
(Башмак)**

**Байды жылтытады,  
Жарлыны жылатады.  
(Тон)**

**Бір жағы — шалам,  
Бір жағы — жалаң.  
(Тон)**

**Бір баста төрт тесік.**  
**(Түйме)**

**Темір басты қара жылан**  
**Өз құйрығын өзі жұтар.**  
**(Белбеу)**

**Жолға арымайды,**  
**Сойған жарымайды.**  
**(Таяқ)**

**Бұқарадан алған белбеуім**  
**Беліме тұра келмеуіңі**  
**(Білезік)**

**Су арып келеді,**  
**Тамшы тамып келеді.**  
**(Шашбау, шолпы)**

**Тамуын тамады,**  
**Жерге жетпейді.**  
**(Алқа)**

**Жисаң — таяқтай,**  
**Жайсаң — табақтай.**  
**(Колшатыр)**

**Би сақалын кемірер,**  
**Билей-бileй семірер.**  
**(Ұршық)**

**Құйрығы — басында,**  
**Құлагы — көзінде.**  
**(Ине)**

Ұзак жолға балтайсың,  
Әр қадамын мақтайсың.  
Құйрығынан қысқарып.  
Түсіп кетсе — таппайсың.  
(Ине)

Мың жылқыны таудағы  
Бір шыбықпен айдадым.  
(Ұстара)

Жетпіс жігіт жер тескен.  
(Керегенің түбі)

Кәрия өліп жатыр,  
Өзі күліп жатыр.  
(Бөрененің жарығы)

Алдында — аттың көзі.  
(Кесілген бұтақтың орны)

Бір ұяда жүз ұя.  
(Балауыз)

Жел өтпейді, кез өтеді.  
(Терезе)

Қаны жок, тәні жылы.  
(Пепи)

Аяғы бар — аттамайды.  
Құлағы бар — естімейді.  
(Самаурын)

Сары айғыр сарнал кісінейді.  
(Самаурын)

Он екі кептер,  
Арасында бір үйрек.  
(Шыныаяқтар және тасқұман)

Қара бие байқайды,  
Ішіндегісін шайқайды.  
(Саба)

Тербетілген бесік,  
Түбі шұрық тесік.  
(Елек)

Белін бес жерден буған,  
Өзі ормандада тұран.  
(Күбі, кеспек)

Қара бие батты,  
Құлары шырып жатты.  
(Қауға)

Қарасы қарал тұрады,  
Қызылы жалап тұрады.  
(Қазан мей от)

Шыны сарай ішінде  
Сары үрпек балапан.  
(Шам)

Алтын жұмыртқа таптым,  
Ішіне от жақтый.  
(Электр шамы)

Келінгे еріп келдің,  
Дүниені белдің.  
(Шымылдық)

Сілтенер де сілтенер,  
Тиген жері өртенер.  
(Қамшы)

Ат басында ақ қақпа.  
(Дога)

Жұтқаны — темір,  
Түкіргені — от.  
(Зеңбірек)

Жаны сығылып барады,  
Жалы жығылып барады.  
(Шең шабу)

Терезе жанында тіреу,  
Сейлеп жатыр біреу.  
(Радио)

Жұқарып келеді,  
Жыл аягында өледі.  
(Қабырга календары)

Шашуши бесеу.  
Жинаушы — біреу.  
(Бес саусақ және ақ парак)

Өзі келмейді,  
Ізі келеді.  
(Хат)

Аңсаушы көп,  
Алушы біреу.  
(Хат)

**Сенде де бар,  
Менде де бар.  
(“Н” әрші)**

**Не бары қос дөңгелек,  
Жеткізбейді өңгеге.  
(Мотоцикл)**

**Атсыз, нарысиз арбаң  
Барап жерге барған.  
(Автомобиль)**

**Қара айрырды қия алмадым,  
Темір делбені жия алмадым;  
(Паровоз және шойын жол)**

## **МОРДВА ХАЛЫҚ ЖҰМБАҚТАРЫ**

---

### **Б і р і н ш і б е л і м**

**Бұқса — таптырмайды.  
Шықса — жасыра алмайсын.  
(Күн)**

**Жарығы бар, жылуы жоқ.  
(Ай)**

**Күміс табақ,  
Кім ұстамақ?  
(Ай)**

**Тұтінсіз өрт.  
(Қызыл арай)**

**Ертесін ұзын,  
Кешкісін ұзын,  
Шолтияды талтүсте.  
(Көлеңке)**

**Қанатсыз зуылдайды,  
Аяқсыз зымырайды.  
(Жел)**

Жел тасыған көп  
Мая-мая шеп.  
(Бұлт)

Жөңкіле көшіп, арнасыз ағады.  
Қақпаны қақпай, шатырды қағады.  
(Бұлт, жаңбыр)

Әуелі жарқылдайды,  
Артынан арпылдайды.  
(Найзагай, күниң күркіреуі)

Жазда ұзын,  
Қыста қысқа.  
Қызық нұсқа.  
(Күн)

Азуы жок, аузы жок,  
Бірақ беттен қабады.  
(Аяз)

Қыста үлпілдек,  
Көктемде бүлкілдек.  
(Кар)

Күннен туады,  
Күн оны қуады.  
(Сүңгі)

Қыста тастай,  
Жазда мастай.  
(Өзен)

Көлденең жатқан көк өгіз,  
Содан өтіп келеміз.  
(Көпір)

**Жорары кетерілсе — бұлдыр,  
Тәменге түссе — сылдыр.  
(Тұман)**

**Төсек салуын салады,  
Бірақ жатпайды.  
(Орман)**

**Қаптап жүр түзде,  
Тұмсыры біздей.  
(Маса)**

**Өз кезіңмен кере кет:  
Шілтер тоқыр керемет.  
(Өрмекші)**

**Көл түбінде баттасқан  
Қайшылар бар тат басқан.  
(Шаян)**

**Тұмсырында жок тыным,  
Сонда оның тоқтыры.  
(Тоқылдақ)**

**Қарақшының, көп сыры:  
Түнде ұшатын жексүрын.  
(Жапалак)**

**Татар қызы Қулина  
Киіндірсем қорқады,  
Шешіндірсем жортады.  
(Жылқы)**

**Аулада бір мая шеп:  
Алдында айыр,  
Артында сыпыртқы  
(Сыр)**

Сұлал жатқан енені  
Он екісі емеді.  
(Мегежін)

Қырық, алта енеде,  
Бір-екі жыл емеді.  
(Бебек)

Бір-бірімен дос-туыс,  
Тау түбінде қос қуыс.  
(Мұрын)

Егіз кел бар қатпайтын,  
Суын ешкім татпайтын.  
(Көз)

Еттен жасалған жуан істік  
Құрсауына қуанышты.  
(Саусақ пей жүзік)

Жұмыс жоқ, кеңде үнсіз,  
Жұмысы болса мұндызыз.  
(Балта)

Екі үші да сүйір,  
Тұтілген жүн үйір.  
Зырылдаса,  
Томпайып,  
Шыға келер бүйір.  
(Ұришық)

Ет жоқ, сауырында,  
Тіci бауырында.  
(Ағаш кесетін ара)

Болат балық,  
Кейде налып,  
Жатар біраз  
Құйрықсыз қалып  
(Ине)

Бір өзінің артында  
Жиырма бес жол қалады.  
(Мала-тырма)

Шепке айбаттанды,  
Құмнан қайраттанды.  
(Шалғы)

Орманнан әкеп сүйегін,  
Июдейін иемін,  
Екі ұшын және түйемін.  
(Дога)

Біріне — жаз,  
Біріне — қыс тиеді.  
Үшіншісі екеуін де сүйеді.  
(Арба, шана, ат)

Жауырынымен жылжиды,  
Суга тойса — қылжиды.  
(Қайық)

Жетпіс жеті кейлек,  
Ол да аздау кейде.  
(Капуста)

Құм астында қызыл құмыра.  
(Қызылша)

Суықта сүйық,  
Ыстықта қою.  
(Қамыр)

**Бес туыс, бес туыс.  
Бес туысқа бір қуыс.  
(Биялай)**

**Шығып ап қырға,  
Сыргиды тырма.  
(Тарас)**

**Бұтағына қайыңын  
Іліп қойған айыңмын.  
(Сырга)**

**Қойрандайын серттесіп,  
Бәрінде де төрт тесік.  
(Түйме)**

**Кисем — толысады,  
Шешсем құнысады.  
(Шұлық)**

**Кекнәрдің ұрыры  
От шапса — құрыдың.  
(Мылтық)**

**Жалғыз түсіп келге,  
Жолдас ертіп шыгады.  
(Қармак)**

**Таудан түсерде тәуір,  
Тауга шыгарда ауыр.  
(Шаңғы)**

**Сүйегі — баған.  
Қалпағы — сабан.  
(Ағаш үй)**

**Жартастың қиясы —  
Бұлбұлдың үясы.  
(Есіктің тоғасасы)**

**Жан-жары шектеледі,  
Тақтайға кептеледі.  
(Терезе)**

**Жетпіс жеті жылқының  
Аяғында бір тұсау.  
(Тебеге теселген арқалық)**

**Тұмсырында мұрындық,  
Бір сиырга ұрындық.  
(Кора және құлыш)**

**Көресің бе торғайды?  
Ол бұқаны қорғайды.  
(Құлыш)**

**Өзі аппак,  
Аузында қақпақ.  
(Пеш)**

**Қарайды тесікten,  
Сыймайды есікten.  
(Пеш)**

**Қыш қоңыраудың тілі — алтын.  
(Пеш және от)**

**Шылымши үйде,  
Түтіні тыста.  
(Пеш және түтін)**

**Тұла бойы бүтін  
Аузы толған тұтін.  
(Мұржа)**

**Сондай пысық,  
Сондай пысық.  
Туа сала кетеді ушып.  
(Тұтін)**

**Жүрмейтүрын төрт аяқ,  
Жатпайды оны жүрт аяп.  
(Ұзын орындық)**

**Ұнатады достарын  
Төрт мүйіз һәм қос қарым.  
(Жастық)**

**Жогары, төмен,  
Жогары, төмен.  
Ұшасың немен?  
(Аспалы бесік)**

**Ұядай шап-шагын  
Қайыры патшаның.  
(Бесік)**

**Сен ашып та үлгермейсің кезінді,  
Дүниеге әкеледі өзінді.  
(Айна)**

**Шырагым, сен зорсынба.  
Сенен нұрлы торсылдак.  
(Шам)  
Мөлтек қана кел,  
Темір ернеуін көр.  
(Шелек)**

Қыштың баласын жылатады,  
Араштың баласын жұбатады.  
(Қайнаран құмыра мен қасық)

Құйрығы бар, жүні жоқ.  
Тамақ болса, мұны жоқ.  
(Қасық)

Айнала су — көл.  
Ортасында — өрт.  
(Самаурын)

Саған бұл үй таныс бәлкім,  
Қыста жылы, жазда салқын.  
(Зирзәми, бодрым, ұра)

Келе жатыр ұлан,  
Иырында жылан.  
(Бақташы және шыбыртқы)

Алдынан қарасаң — мұжық,  
Артынан қарасаң — шұжық.  
(Поп)

Мұз бетінде қайнар,  
Түнде астында Ай бар.  
(Ойық)

Қабыргадан көресің,  
Қалай алып бересің?  
(Сәуле)

Судан өтеді — шылпылдамайды.  
Шалғыннан өтеді — сыйдырламайды.  
(Бұлттың көлеңкесі)

**Қолы жок, жапырақ жұлады.  
Аузы жок, қалай жылады?  
(Жел)**

**Теніз де емес, жер де емес,  
Шаршап шығар өр де емес.  
Онда кеме жүзбейді,  
Адам өткел іздейді.  
(Ұйық, батпак)**

**Аузы жок, жалмайды.  
Одан түк те қалмайды.  
(Өрт)**

**Қыста қалың үйқы.  
Көктемде үйқы-түйқы.  
(Қар)**

**Көптігі сонша —  
Шашылған моншаш.  
(Таңғы шық)**

**Шешкенде жұрт ішігін,  
Сақтайды ол пішінін.  
(Шырша)**

**Жер астынан балпағым  
Киіп шығар қалпағын.  
(Қозықүйрық)**

**От емес, оттан бетер.  
(Қалақай)**

**Суда жылтылдақ,  
Қолда жылпылдақ.  
(Балық)**

Тұмсығы — соқа,  
Жері — араш.  
Басқара мүлде  
Қарамас.

(Тоқылдақ)

Віреуі-ақ кәрі,  
Сары үрпек бәрі.

(Мекиен және балапандар)

Ви болып өседі,  
Татарша бөседі.

(Қаз)

Сүт, ірімшік, құртың да,  
Май... — бәрі бір жұртында.

(Сырдың желіні)

✓ Сақалы бар сиыр  
Тал-терекке үйір.  
(Ешкі)

Бұрылмас мойны қасқаның,  
Вілмейді барын аспанның.  
(Шошқа)

Тау басында торай,  
Отап алу оңай.  
(Шаш)

Етегінен деңнің  
Егіз үңгір көрдім.  
(Мұрын)

Вылай қарасаң — бар,  
Вылай қарасаң — жок.  
(Тырнақ)

**Ағаш дене, темір бас.  
Олактарды ондырмас.  
(Балға)**

**Кек тенізде,  
Шеп тенізде  
Темір шортан шоршиды.  
(Шалғы)**

**Қалындықтай он бесте  
Киіп алған гүлдесте.  
(Күнбагыс)**

**Арқаның, ұшында  
Аюдың, басы.  
(Аскабак)**

**Үрмейді де, қаппайды,  
Ал ұрыға жақпайды.  
(Құлыш)**

**Балық су астында,  
Құйрығы күн астында.  
(Ожай)  
Үстінде — құдық,  
Астында — от.  
(Самаурын)**

**Қарыны ток, үй,  
Көлеңкесі жок, үй.  
(Бодрым, зызэмі, ұра)**

**Кемейі “күміс”,  
Тілі — темір.  
(Коңырау)**

**Алранда шиедей,  
Бергенде түйедей.  
(Карыз)**

**Бармаған жерге бардын,  
Көрмеген жерді көрдің.  
(Тұс)**

**Керек —  
Сатып ала алмайсың.  
Керексіз —  
Сата алмайсың.  
(Жастық және кәрілік)**

**Басқалар байқасын:  
Алам деп айтасың,  
Аман-сау баrasың,  
Ауырып қайтасың.  
(Ішімдік)**

**Батқан бөрене,  
Жылайтын көл.  
(Көзге түскен қиқым)**

**Үстінде — қар,  
Астында — су.  
(Қыстағы өзен)**

## **ТАТАР ХАЛЫҚ ЖҰМБАҚТАРЫ**

---

**Бір шамға мың шырпы.  
(Ай, жұлдыздар)**

**Айлы түнде оқ аттым.  
Атқан орым жоралттым.  
(Аққан жұлдызы)**

**Алтын қақпа ашылар,  
Күміс қақпа жабылар.  
Қышқыруши табылар.  
Жан-жакқа жүрт ағылар.  
(Таң)**

**Күн шыққанша күн көрер,  
Шалғын дымқыл өңгерер.  
(Тұман)**

**Арнасыз-ақ, арады.  
(Бұлт)**

**Еңбектеп үйге кіреді,  
Өңмендеп төрге шыгады.  
(Суық)**

Қарға толы көкірегі  
Лепіреді, өкіреді.  
(Боран)

Қара тұлқі қашады қар астымен.  
(Мұз астындағы су)

Ала сиыр жатып қалады,  
Ақ сиыр тұрып кетеді.  
(Жазарытүрим)

Сарындырған кезде  
Жетер мұртты жезде.  
(Жаз)

Тұмсықсыз шымшық, тас теседі.  
(Тамшы)

Тап, табыспак,  
Табанға жабыспак.  
(Батпак)

Аузы тебесінде,  
Көзі түбінде.  
(Құлдық)

Біледі әсте өз ыңғайын:  
Тұнде бар,  
Сосын ізімрайым.  
(Шық)

Көркемі көркем,  
Жолама, еркем!  
(От)

**Қырам-жоям, жортамын.  
Түкіріктен қорқамын.  
(От)**

**Ұзын едім кесілдім,  
Кесілдім де кесілдім.  
Жуан едім жарылдым,  
Жарылдым да сарылдым.**

**(Араш, отын)**

**Оттан елгем,  
Оттан тірілем.  
(Көмір)**

**Есікten кірем.  
Тесікten шырам.  
(Отын, тұтін)**

**Атасы мәсін кигенше  
Баласы Мәскеуге жетер.  
(Тұтін, от тұтанданша)**

**Кек етік киген,  
Кек атқа мінген  
Көтеріліп барады.  
(Тұтін)**

**Үш ұзын:  
Үшеуі де тым ұзын.  
(Жол, езен, тұтін)**

**Астары — қара,  
Тысы — ак.  
(Мұржа)**

Қоста батпан тарым бар.  
Көтере алсан, бәрін де ал.  
(Қызыл шок, қоза)

Көрінбей өмір сүреді,  
Танауыңа кіреді.  
(Иic)

Бір бала бар шұңқырда.  
Таныр оны соқыр да.  
(Қалакай)

Жазда жігіт,  
Қыста жігіт.  
Қартаймауга  
Ұста жігіт.  
(Шырша)

Қарлы таудың қасында  
Жасыл бәрік басында.  
(Шырша)

Ұзын сырық басында өседі бау.  
(Құлмак)

Араш  
Араш сайын бұта.  
Бұта сайын ұя.  
Ұя сайын жұмыртқа  
Егізден һәм сегізден.  
(Бұршак)

Ай басты,  
Алтын қасты.  
(Күнбагар)

**Ағаш, ағаш**  
Ағаш басында табақ.  
Табақ толы қуыс,  
Қуыс толы тұыс.  
**(Күнбағар)**

**Сыңар аяқ қаз**  
Тұрған жері саз.  
**(Капуста)**

**Жер астында жез қазық.**  
**(Сәбіз)**

**Еті тығыз, майы жөк.**  
Теріci қалың, жұні жөк.  
**(Шалқан)**

**Қып-қызыл жұмыр,**  
Қып-қысқа ғұмыр.  
Ал дәмі қандай,  
Біледі таңдай.  
**(Шие)**

**Жабық қазанның**  
Асы дәмді.  
**(Жаңғак)**

**Сырты жұмыр шардай,**  
Іші қызыл қардай,  
Дәмі ғажап балдай.  
**(Қарбыз)**

**Кішкене ғана жұрт.**  
Іші толған құрт.  
**(Қауын)**

**Бар мұйізі,  
Және алты аяғы.  
Бірінің де жок бірақ та түягры.**  
**(Шаян)**

**Түрі ак, тірсегі қызыл.  
(Каз)**

**Арқансыз жоғары шығып,  
Баспалдақсыз төмен түседі.  
(Кұс)**

**Көтере аласын,  
Алысқа лақтыра алмайсын.  
(Құстың мамыры)**

**Бұта да емес,  
Бұтак та емес,  
Жапырақ та емес  
Бірақ та текстес.  
(Қылқан)**

**Басы тауда,  
Аяғы тенізде.  
(Жылға)**

**Бауыры жерге тимейді,  
Сауыры күнге күймейді.  
(Балық)**

**Несіне мыңқылдайды,  
Ауырмай ыңқылдайды.  
(Шошқа)**

**Төрт бірдей татар  
Шелек түбіне атар.  
(Сиыр сауу)**

Кеңістікке сыйяр,  
Егістікке сыйяр  
Тоғайға сыймас.  
(Тырма)

Темір мүйізді ағаш егіз.  
(Айыр)

Тездетіп жейді,  
Майдалап шайнайды.  
Бірақ жұтпайды,  
Басқаға бермейді.  
(Ағаш кесетін ара)

Күркіреп үні,  
Жидіді жүні.  
(Қол диірмен)

Төрт татарға бір телпек.  
(Стол)

Екеу етіп жалғызды,  
Мөлітеді сан қызды.  
(Айна)

Тамшы тамар, жерге жетпес.  
Хан белбеуі белге жетпес.  
(Алқа және білезік)

Басы — болат,  
Құйрығы — қыл.  
(Ине-жіп)

Қашшайды да үрмейді.  
Қақпа алдында тұр дейді.  
Ол тұрганда

**Бір адам**  
Аттап ішке кірмейді.  
**(Кұлым)**

**Үй сыртында ак тана**  
Мүйізім бар деп мақтанар.  
**(Терезенің қақлағы)**

**Жас сәбидің жасын сурт.**  
**(Терезенің буын сұрту)**

**Есік,**  
Есік сыртында бесік.  
**(Балкон)**

**Қолын береді,**  
Бірақ қолыңды қыспайды.  
**(Есіктің тұтқасы)**

**Атасы балақайын,**  
Балақай малақайын кетереді.  
**(Абажурлы шам)**

Тебесі тесік,  
Түбі тесік.  
Айналасы — су,  
Ортасы — от.  
**(Самаурын)**

**Аттан биік,**  
Иттен аласа.  
**(Ер-тоқым)**

**Ағаштан тіккен,**  
Етегін бүккен.  
**Жап-жаңа сауыт**  
Тесіліп біткен.  
**(Елек)**

**Барады өзі ойнақтал,  
Қатаған ізі оймақтай.  
(Асатаяқ)**

**Құлағы жок, көзі жок,  
Жетектейді соқырды.  
(Таяқ)**

**Кіп-кішкене бүкір ер.  
Тым алысқа түкірер.  
(Мылтық)**

**Жөтелсе — түкіреді,  
Түкірсе — өлтіреді.  
(Мылтық)**

**Жез қораның ішінде  
Жездем аты кісінер.  
(Қоңырау)**

**Күліп баар,  
Жылап қайтар.  
(Су таситын шелек)**

**Аузы жок, тілі бар.  
(Сағат)**

**Жүгіре-жүгіре жүк артады.  
(Ұршық)**

**Жанын салып жұмысқа,  
Қисаяды бұрышқа.  
(Сынырғыш)**

**Аяғы жок, қолы жок,  
Бірак көйлек киеді.  
(Жастық)**

**Бір тышқанда қос құйрық.  
(Шабата)**

**Екі анада он бала.  
(Екі қол, он саусақ)**

**Жар бойында жарты лашық.  
(Кұлак)**

**Әрі сүйексіз,  
Әрі тиексіз.  
(Тіл)**

**Екі татар  
Аяқтасып жатар.  
(Қас)**

**Көлдің мұзы сөгілді  
Сөгілді де төгілді.  
(Көздің жасы)**

**Қазанда піспейді,  
Табаққа тұспейді.  
Одан татпаған  
Әрине, өспейді.  
(Ана сүті)**

**Кім екенінді білді,  
Саған қарап күлді.  
(Айнадағы бейнен)**

**Балтадан ауыр,  
Балдан тәтті.  
(Ұйқы)**

**Бастың астында  
Бал құйған ыдыс.  
(Ұйқы)**

**Біреуі сөйлейді,  
Екеуі тындаиды,  
Екеуі қарап тұрады.  
(Тіл, құлак, кез)**

**Айтсам — менен кетеді,  
Тында масаң — сенен кетеді.  
(Сөз)**

**Түйдім,  
Түбіне лақтырдың.  
(Ескे сақтау)**

**Аяқсыз, қолсыз.  
Ағашқа артылады.  
(Қамыр)**

**Тап, табыспақ,  
Табага жабыспақ.  
(Күймак)**

**Отырғанмен атқа,  
Аяқтары артта.  
(Көзәйнек)**

**Өз жазғанын өзі оқи алмайды.  
(Қалам)**

**“Қарал” десен, қарамайды.  
“Ақ!” деуге жарамайды.  
(Жазу)**

Шорманда бар,  
Бізде жоқ,  
Орманда бар,  
Тұзде жоқ.  
(“Н” әрпі)

Қазанның дәл ортасында не бар?  
(“З” әрпі)

Темір теке тау жарап.  
(Шаш алатын машинка)

Теңізі бар, сүзы жоқ.  
Қаласы бар, халқы жоқ.  
Орманы бар, арашы жоқ.  
(Жағрафиялық карта)

Тамы бар, түтіні жоқ.  
(Бейіт)

## **ҚЫРЫМ ТАТАРЫ ХАЛЫҚ ЖҰМБАҚТАРЫ**

---

Бірі құяды,  
Бірі жұтады.  
(Жаңбыр және жер)

Өз көрін езі қазады.  
(Тамшы)

Басы кекке жетпейді,  
Аяғы жерге тимейді.  
(Бұлт)

Жасыл қылыш қол кесер.  
(Қамыс)

Тұбі су мен топырак,  
Басы күн мен жапырак.  
(Ағаш)

Тіріден өлі туар,  
Өліден тірі туар.  
(Тауық пен жұмыртқа)

Сакалы бар — кәрия емес,  
Сыргасы бар — Мария емес.  
(Ешкі)

Топырақ тепкен  
Тентек бұл неткен?  
Ауызы сүйектен,  
Сақалы еттен.

(Қораз)

Төңкерілген қазан  
Шымыр-шымыр қайнайды.  
(Құмырсқаның илеуі)

Таңертең торт аяқты,  
Түсте екі аяқты,  
Кеште үш аяқты.

(Адамның үш кезеңі)

Аула толы ақ тауық.  
(Tic)

Екі ананың он баласы,  
Он баланың бес есімі бар.  
(Екі қол және бес саусақ)

Жұмсақ күбіде қатты құрсау.  
(Саусақ және жүзік)

Арқасы алдында,  
Қарыны артында.  
(Балтыр)

Жел боп есер,  
Қызырып өсер,  
Қылыш боп кесер.  
(От)

Судан жарапан,  
Судан корқады.  
(Тұз)

**Мені жемейді,  
Менсіз де жемейді.  
(Тұз)**

**Тастай қатты,  
Балдай тәтті.  
(Шақпақ қант)**

**Өзі ток,  
Көлеңкесі жоқ.  
(Ұра)**

**Шайнауын шайнайды,  
Бірақ жүтпайды.  
(Кол диірмен)**

**Айналасы су,  
Ортасы от.  
(Самаурын)**

**Екі құрсақ, төрт құлак.  
Ертелі-кеш жат құлап.  
(Жастық)**

**Бесеу жатыр бүрісіп,  
Бесеуіне бір ішік.  
(Колғап)**

**Әр шұқырға бір дәңгелек.  
(Түйме)**

**Зыр-зыр етіп айналар,  
Өзіне-өзі байланар.  
(Ұршық)**

Анда жырыл,  
Мында жырыл,  
Үй сыртына барып тығыл.

(Сынырғыш)

Құрлықта жүрмейді,  
Аяры жерге тимейді.

(Кеме, қайық)

Сен оны жогары тасисын,  
Ол сені төмен тасиды.

(Кол шана)

Екі аяқты,  
Егіз мүйізді.

(Велосипед)

Мен үйге кетем,  
Ол жолда қалады.

(Із)

Басы бауырында,  
Қалпағы жауырында.

(Шеге)

Кірер есіргі көп,  
Шығар есіргі жок.  
(Ay)

## **МАЗМУНЫ**

Башкұрт халық жұмбақтары . . . . .	3
Мордва халық жұмбақтары . . . . .	16
Татар халық жұмбақтары . . . . .	29
Қырым татары халық жұмбақтары . . . . .	41

**БАШКИРСКИЕ, МОРДОВСКИЕ,  
ТАТАРСКИЕ НАРОДНЫЕ ЗАГАДКИ**

*(На казахском языке)*

Редакторы Р. Шәймерденов  
Суретші Б. Жапаров  
Көркемдеуші редакторы Б. Оспан  
Техникалық редакторы Ә. Күзебаева

### **ИВ 543**

Теруге 17.12.1997. ж. жіберілді. Басуға 02.02.98 қол қойылды. Пішімі  $70 \times 100^1/32$ . Баспаханалық қағаз. Эріп турі "Мектептік". Офсеттік басылыс. Шартты баспа табагы 1,94. Есептік баспа табагы 1,65. Шартты бояулы беттаңбасы 2,18. Таралымы 2000. Тапсырыс № 1291. Бағасы келісім бойынша.

Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық келісім министрлігінің "Ана тілі" баспасы. 480009, Алматы қаласы, Абай даңғылы, 143.

Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық келісім министрлігінің Республикалық "Кітап" өндірістік бірлестігі, 480009 Алматы Гаясина проспекті 93

## **ҚҰРМЕТТІ ОҚЫРМАН!**

“Ана тілі” баспасынан 1998 жылы  
балаларға арналған мынандай кітаптар  
жарық көреді:

1. “Оқып, жаттаң үйренейік” 3,5 б. т.
2. Мәженқызы Р. “Гүлгө тұнған  
шық” 8,0 б.т.
3. “Әріптегер балабақшада және мек-  
тепте”, қазақша-ағылшынша 3,5 б. т.

АТАЛЛАР САДАМА ЕФКС  
ЕПИШМАКЛИР  
Н NYBAGTARY ЧЕЧЕГЕН  
ЕВКС ТАПМАДЖАЛАР



АТАЛЛАР САДАМА ЕФКС  
ЕПИШМАКЛИР  
Н NYBAGTARY ЧЕЧЕГЕН  
ЕВКС ТАПМАДЖАЛАР



ЖУМБАҚТАР АРВАУТУКШЕ  
САДАМОЕВКС ТААБАРИНУУ  
ТАПМАДЖАЛАР ТАРМАЧАЛА  
ЕМАКЧ НОМАКТАР ЮМАК Э  
ТАРМАЗАЛАР ТАРМАЗАЛАЗ